

ӨӘЖ 342.3

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

заң ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті
e-mail: aza_kambarov@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН
ДАМУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылаудың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері қарастырылады. Конституциялық кеңестің құрылуы мен мәртебесі туралы, конституциялық іс жүргізудің бірқатар мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: референдум, норма, нормативтік құқықтық актілер.

В статье рассматриваются особенности становления и развития конституционного контроля в Республике Казахстан. О создании и статусе Конституционного Совета рассматривается ряд вопросов конституционного делопроизводства.

Ключевые слова: Референдум, нормы, нормативно правовые акты.

The article discusses the features of the formation and development of constitutional control in the Republic of Kazakhstan. On the creation and status of the Constitutional Council, a number of issues of constitutional proceedings were considered.

Keywords: Referendum, norms, normative legal acts.

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қолданыстағы Конституция қабылдануына байланысты жаңа конституциялық бақылау органы – Конституциялық Кеңес құрылды. Конституциялық Кеңестің құқықтық мәртебесін айқындайтын негізгі ережелер Негізгі Заңның «Конституциялық Кеңес» деп аталатын VI бөлімінде бекітіліп, Кеңестің құзыреті, бұл органға өтініш беру субъектілері және оның салдары, Кеңестің құрамын қалыптастыру тәртібі, шешімдерінің заңдық күші мен сипаты анықталған. Конституциялық Кеңестің құрылуы мен қызметі мәселелері «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңмен нақтырақ реттеледі. Конституциялық іс жүргізудің бірқатар мәселелері, сондай-ақ Республиканың процесуалдық және өзге де заңдарында қарастырылады. Конституциялық іс жүргізуді қозғау және материалдарды қарауға дайындау тәртібі, өтініштерді отырыстарда қарау, шешімдер қабылдау тәртібі және өзге де мәселелер Конституциялық Кеңестің қаулысымен бекітілген Регламентпен реттеледі. Конституциялық Кеңестің құрамы Конституциялық Кеңес, Төрағаны қосқанда, жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Кеңестің Төрағасын және екі мүшесін Республика Президенті, екі

мүшесін – Парламент Сенаты және екі мүшесін – Парламент Мәжілісі тағайындайды. Республиканың экс-Президенттері құқығы бойынша ғұмыр бойы Конституциялық Кеңестің мүшелері болып табылады. Конституциялық Кеңестің құрамына отыз жасқа толған, Республика аумағында тұратын, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс стажы бар Республика азаматы тағайындала алады. Бұл талаптар Республиканың экс-Президенттеріне қолданылмайды. Құрылған сәттен бастап Конституциялық Кеңестің құрамына 22 жоғары білікті заңгерлер тағайындалды, олардың қатарында Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі (1), заң ғылымының докторлары (7) және кандидаттары (8), сондай-ақ Президент Әкімшілігінде, сот жүйесінде, прокуратура және әділет органдарында көп жыл жұмыс істеген тәжірибелі заңгерлер бар. Конституциялық Кеңестің Төрағасы мен мүшелері ерекше мәртебеге ие, оларға ешкімнің тиіспейтініне Конституциямен кепілдік беріледі. Конституциялық Кеңестің мүшелері өкілеттік мерзімі ішінде ауыстырылмайды. Олардың өкілеттігін «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңда көзделген жағдайларда ғана тоқтатуға немесе тоқтата тұруға болады. Конституциялық Кеңес Төрағасы мен мүшелерінің конституциялық іс жүргізу

мәселелері жөніндегі қызметі есеп беруге жатпайды. Олардың қызметіне қандай болса да араласуға жол берілмейді. Өз өкілеттігін жүзеге асыру мәселелері бойынша олардан есеп талап етуге ешкімнің хақы жоқ [1].

Конституциялық Кеңестің құзыреті Конституциямен және «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы» Конституциялық заңмен Конституциялық Кеңеске өтініш беру құқығына ие субъектілер қатары және Конституциялық Кеңес юрисдикциясының шеңбері белгіленген. Конституциялық Кеңеске өтініш беру құқығына: Қазақстан Республикасының Президенті, Сенат Төрағасы, Мәжіліс Төрағасы, Парламент депутаттары жалпы санының кемінде бестен бір бөлігі, Премьер-Министр, Республика соттары ие. Конституциялық Кеңестің Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-74-баптарында белгіленген құзыреті мынадай мәселелерді қамтиды: – дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің дұрыстығы және республикалық референдум өткізу туралы мәселені шешеді; – Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарайды. – Парламент және оның палаталары қабылдаған қаулылардың Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды; – Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарайды; – Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме береді; – Конституцияның 47-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген реттерде қорытындылар береді. Конституцияның 78-бабында белгіленген жағдайларда соттардың өтініштері бойынша қолданыстағы заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілер нормаларының конституциялығын тексереді. Конституциялық Кеңес конституциялық іс жүргізу практикасын қорыту нәтижелері бойынша жыл сайын Парламентке Республикадағы конституциялық заңдылықтың жайы туралы жолдау жібереді. Одан тыс, Мемлекет басшысының талап етуі бойынша Конституциялық Кеңестің Төрағасы оған Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы ақпарат ұсынады. Конституциялық іс жүргізу тиісті субъектілердің өтініші болған жағдайда ғана қозғалады. Конституциялық Кеңес қабылдаған қаулыны Кеңестің өзі конституциялық іс жүр-

гізуге қатысушылардың не оның қорытынды шешімін орындауға міндетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың өтініштері бойынша түсіндіруі мүмкін. Егер Конституциялық Кеңестің шешімінде жіберілген редакциялық сипаттағы дәлсіздіктер мен қателерді түзету қажет болса, Конституциялық Кеңес өз бастамасы бойынша қосымша шешімдер қабылдайды. Қосымша шешім Конституциялық Кеңес шешімінің шынайы мазмұнына, мағынасы мен мақсатына қайшы келмеуге тиіс [2].

Конституциялық Кеңестің шешімдері Конституциялық Кеңестің конституциялық өкілеттігін жүзеге асыратын қорытынды шешімдер және Конституциялық Кеңестің өзге де өкілеттігін жүзеге асыратын басқа да шешімдер болып бөлінеді. Шешімдер қаулылар, солардың ішінде нормативтік қаулылар, қорытындылар және жолдаулар нысанында қабылданады. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Конституциялық Кеңес шешімдерді алқалы түрде, өз мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы, ал Конституциялық Кеңестің тіпті бір мүшесі талап етсе де — жасырын дауыс беру арқылы қабылдайды. Егер шешім қабылдау кезінде Конституциялық Кеңес мүшелерінің дауыстары тепе-тең бөлінген болса, Конституциялық Кеңес Төрағасының даусы шешуші дауыс болып табылады, ол барлық жағдайларда өз даусын ең соңында береді. Конституциялық Кеңестің мәжілісі кезінде оның отырысқа қатысқан мүшелерінің ешқайсысының да қалыс қалуға немесе дауыс беруге қатыспауға хақы жоқ. Конституциялық Кеңестің қорытынды шешімімен келіспеген оның мүшесі өз пікірін жазбаша түрде білдіруге хақылы. Конституциялық Кеңестің шешімін ол Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша немесе өз бастамасы бойынша, егер қабылданған шешімге негіз болған Конституция нормасы өзгерсе не болмаса өтініштің мәні үшін жаңа елеулі мән-жайлар ашылса, қайта қарауы мүмкін. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, ұлттық қауіпсіздікті, мемлекеттің егемендігі мен тұтастығын қамтамасыз ету мүддесінде Конституциялық Кеңестің шешімін ол Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасы бойынша қайта қарауы мүмкін. Шешімді қайта қарау туралы Конституциялық Кеңес қаулы

шығарып, ол арқылы осы шешімнің толығымен немесе бір бөлігінде күшін жояды [3].

Конституцияда Конституциялық Кеңес шешімдерінің жалпыға бірдей міндетті заңдық күші бекітіліп, кешіктірмей қолданысқа енгізілу тәртібі белгіленген. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктігі оның заңдық күшінің ажырамас сипаты болып табылып, қорытынды қаулы қабылдау арқылы конституциялық іс жүргізудің қисынды түрде аяқталғанын айғақтайды. Конституциялық Кеңес шешімінің түпкіліктігі сондай-ақ оның өтініш субъектісі үшін сол бір себеп бойынша кері қайтпайтынын білдіреді, өйткені, Конституцияның 74-бабының 3-тармағына сай, Конституциялық Кеңестің шешімдері «шағымдануға жатпайды». Бұл Кеңестің шешімдеріне шағымдану құқығының да, мұндай шағымдарды қарайтын тиісті инстанциялардың да жоқ екенін білдіреді. Сонымен бірге, ерекше жағдайларда Конституциялық Кеңестің өзі қолданыстағы қаулыны қайта қарауы немесе оны түсіндіру жөнінде қосымша қаулы қабылдауы мүмкін екені конституциялық құқық нормаларында жоққа шығарылмайды. Конституциялық Кеңестің қаулылары тек Конституцияға ғана негізделеді және өзге нормативтік құқықтық актілердің бәрі оларға қайшы келмеуге тиіс. Конституциялық Кеңестің қаулыларында баяндалған құқықтық позициялардың күші Кеңес конституциялық емес деп тапқан нормаларды қайта қабылдау арқылы еңсеріле алмайды. Конституцияның 73-бабының 4-тармағына сай Конституциялық Кеңестің шешіміне толығымен немесе бір бөлігіне Республика Президенті қарсылық білдіруі мүмкін, бұл қарсылық Конституциялық Кеңес мүшелері жалпы санының үштен екісінің дауысымен еңсеріледі. Президент қарсылығы еңсерілмеген жағдайда, Конституциялық Кеңестің шешімі қабылданбады деп есептеледі. Қарсылық Республика Президенті шешімнің мәтінін алған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей енгізіледі [4]. Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдерді орындау тәртібі мен мерзімін

белгілей алады. Егер Конституциялық Кеңестің шешімі мемлекеттік шығысты ұлғайтуды немесе мемлекеттік кірісті қысқартуды көздейтін болса, онда Конституциялық Кеңес өзі қабылдаған шешімдерді орындау мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісе отырып белгілейді. Конституциялық Кеңестің шешімін орындау мақсатында қабылданған шаралар туралы оған тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар Конституциялық Кеңес белгілеген мерзімде хабарлайды. Конституцияның сол бір нормасы бойынша Конституциялық Кеңестің жаңа шешім қабылдауы өтініш субъектісінде басқа бір жағдайда түсінбеушілік туындаған өзге бір мәселеге, осы бір конституциялық норманың нақты талабын не талаптарын қолдануға немесе орындауға байланысты болуы мүмкін. Конституциялық Кеңестің Конституцияның сол бір нормасы бойынша жаңа қаулысы осы конституциялық нормаға қатысты бұдан бұрынғы қаулысына қайшы келмеуге тиіс. Мұндай қаулы Конституциялық Кеңестің Конституцияның осы нормасын ресми түсіндіру жөніндегі бұдан бұрынғы қаулысының құқықтық позицияларын толықтырып, дамыта түсуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің шешімдері елеулі құқықтық салдарға әкеп соқтырады. Конституциялық емес деп танылған заңға және Республиканың шарттарына қол қойылмайды не олар бекітілмейді және қолданысқа енгізілмейді. Конституциялық емес деп танылған, соның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер заңдық күшінен айырылады, қолданылмайды және жойылады. Соттар мен өзге де құқық қолданушы органдардың осындай заңға немесе өзге бір нормативтік құқықтық актіге негізделген шешімдері орындалмайды. Конституциялық Кеңес Конституцияға сәйкес емес деп танылған Президент және Парламент депутаттарының сайлауы жарамсыз деп жарияланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы 30 тамыз 1995 жыл
2. ҚР Конституциялық кеңесі туралы 1995 жылғы 29 желтоқсандағы №2737 Конституциялық заңы
3. Нысанбаев Ә. «Жалпы ұлттық келісім және демократиялық даму». Егеменді Қазақстан газеті. 1997 жыл. 25-26 наурыз.
4. Қалмырзаев Ә. Халықтың қуаты бірлікте. «Ата-заң арналары». Егеменді Қазақстан газеті. 1998 жыл. 27-тамыз.

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

Лауазымы: Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

Почталық мекен-жайы: индекс 071400, Қазақстан Республикасы, Семей к., Абая к., 94.

Ұялы тел.: +7 775 299 85 84

Қазақстанда конституциялық бақылаудың қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері

Қамбаров Азамат Қамбарұлы

Должность: старший преподаватель кафедры уголовно правовых дисциплин юридического факультета Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета

Почтовый адрес: индекс 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Абая, 94

Сот. тел.: +7 775 299 85 84

Особенности становления и развития конституционного контроля в Казахстане

Kambarov Azamat

Position: Senior Lecturer, Department of Criminal Law Disciplines, Faculty of Law, Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University

Mailing address: index 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Abay, 94.

Cells. ph.:+7 775 299 85 84

Features of the formation and development of constitutional control in Kazakhstan